

"Астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 259 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 63 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 11 маусымдағы № 229 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 29 маусымдағы № 91 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 маусымда № 39145 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 259 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 63 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19025 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бақылау субъектілері астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын цифрлық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың цифрлық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (

объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі астық нарығын реттеу саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.";

Астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1 және 3-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

бірлескен бұйрыққа 3-қосымша осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оның "Тексерулер субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" цифрлық жүйесінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетіне жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ С. Жумангарин _____ А.
Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2026 жылғы 29 маусымдағы
№ 91 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Астық нарығын реттеу саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету	өрескел
2	Астық қабылдау кәсіпорындарына келіп түсетін астықты ресімдеу: 1) автомобиль таразыларында жүктер өлшеуді тіркеу журналының болуы; 2) вагон таразыларында жүктер өлшеуді тіркеу журналының болуы; 3) зертханалық талдаулар нәтижелерін тіркеу журналының болуы; 4) орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындай отырып, автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүккүжаттар тізілімінің болуы; 5) темір жол көлігімен қабылданған астыққа арналған жүккүжаттар тізілімі; 6) астық сақтау орындарындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есептің болуы	өрескел
3	Астықты тазартуға, кептіруге арналған актінің болуы	өрескел
4	Астықты тиеп-жөнелтуді ресімдеу: 1) астықты тиеп-жөнелтуге арналған бұйрықтардың болуы; 2) темір жол көлігімен тиеп-жөнелтілген астық тізілімінің болуы; 3) автомобиль көлігімен тиеп-жөнелтілген астық жүккүжаттары тізілімінің болуы; 4) есеп айырысу актісінің болуы;	өрескел

	5) астық сақтау аумағының ішінде астықтың орнын ауыстыруға арналған жүккүжаттың болуы	
5	Астықты сандық-сапалық есепке алу кітабының болуы	болмашы
6	Астықты сақтауға арналған шарттың болуы	елеулі
7	Астық қабылдау кәсіпорнының астық иелерінен астық қабылдау күнінен бастап астық қолхаттарын шығаруға арналған бұйрықты тіркеудің үш күндік мерзімінің (астық қабылдау кәсіпорны астық иелерінен астық қабылдау күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей астық қолхаттарын шығаруға арналған бұйрықты тіркейді) сақталуы	елеулі
8	Астық қолхаттарын және олардың бөліктерін ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың болуы не астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауды кепілдендіру жүйесіне қатысу	елеулі
9	Астыққа арналған тауарлық-көлік жүккүжаттарының болуы	елеулі
10	Орташа тәуліктік сынама бойынша сапасын айқындай отырып, автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүккүжаттар тізілімдерінің болуы	елеулі
11	Сақтауда тұрған астықты бақылау журналының болуы	болмашы
12	Астық қабылдау кәсіпорнының жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептің болуы	елеулі
13	Астық сақтау орны (астық қабылдау пункті) алаңының 10%-ы мөлшерінде резервте қойма сыйымдылығының, элеваторларда сүрлем сыйымдылығы үстіндегі тасымалдаушының әрқайсысына кемінде бір бос сүрлем сыйымдылығының болуы	елеулі
14	Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелуі туралы ақпараттың ұсынылмауы	елеулі

15	Сатып алынған, жазылған, өтелген , бүлінген және таза астық қолхаттары бланкілері туралы ақпараттың ұсынылмауы	елеулі
16	Астық қабылдау кәсіпорнына жаңа түсімнен сақтауға келіп түскен астықтың саны мен сапасы туралы ақпараттың ұсынылмауы	елеулі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2026 жылғы 29 маусымдағы
№ 91 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 11 маусымдағы
№ 229 бірлескен бұйрығына
2-қосымша
Астық нарығын реттеу
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

Астық нарығын реттеу саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

Р/с №	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 балға дейін болуы тиіс), wі	Шарттар/мәндер, хі	
				1-шарты /мәні	2-шарты/мәні
1	2	3	4	5	6
Астықты өндіруге, сақтауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге және өткізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға (астық қабылдау кәсіпорындарына) қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес астық нарығын реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттардың тізбесі					
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау үшін					
1.	Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелуі туралы ақпараттың ұсынылмауы	Бақылау субъектілері астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері	10	ақпаратты уақтылы ұсыну 0 %	ақпаратты ұсынбау 100 %

2.	Сатып алынған, жазылған, өтелген, бүлінген және таза астық қолхаттары бланкілері туралы ақпараттың ұсынылмауы	Бақылау субъектілері астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері	10	ақпаратты уақтылы ұсыну	ақпаратты ұсынбау
				0 %	100 %
3.	Астық қабылдау кәсіпорнына жаңа түсімнен сақтауға келіп түскен астықтың саны мен сапасы туралы ақпараттың ұсынылмауы	Бақылау субъектілері астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері	10	ақпаратты уақтылы ұсыну	ақпаратты ұсынбау
				0	100 %

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2026 жылғы 29 маусымдағы
№ 91 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 11 маусымдағы
№ 229 бірлескен бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2019 жылғы 10 шілдедегі № 259
және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 12 шілдедегі № 63
бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-баптарына сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарына қатысты астық нарығын реттеу саласындағы тексеру парағы

Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____
(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру коды _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Астық қабылдау кәсіпорындарының жүктелуі туралы ақпараттың ұсынылмауы		
2	Сатып алынған, жазылған, өтелген, бүлінген және таза астық қолхаттары бланкілері туралы ақпараттың ұсынылмауы		
3	Астық қабылдау кәсіпорнына жаңа түсімнен сақтауға келіп түскен астықтың саны мен сапасы туралы ақпараттың ұсынылмауы		
4	Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сақталуын қамтамасыз ету		
	Астық қабылдау кәсіпорындарына келіп түсетін астықты ресімдеу : 1) автомобиль таразыларында жүктер өлшеуді тіркеу журналының болуы; 2) вагон таразыларында жүктер өлшеуді тіркеу журналының болуы;		

5	3) зертханалық талдаулар нәтижелерін тіркеу журналының болуы; 4) орташа тәуліктік сынамасы бойынша сапасын айқындай отырып, автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімінің болуы; 5) темір жол көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімі; 6) астық сақтау орындарындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есептің болуы		
6	Астықты тазартуға, кептіруге арналған актінің болуы		
7	Астықты тиеп-жөнелтуді ресімдеу: 1) астықты тиеп-жөнелтуге арналған бұйрықтардың болуы; 2) темір жол көлігімен тиеп-жөнелтілген астық тізілімінің болуы; 3) автомобиль көлігімен тиеп-жөнелтілген астық жүкқұжаттары тізілімінің болуы; 4) есеп айырысу актісінің болуы; 5) астық сақтау аумағының ішінде астықтың орнын ауыстыруға арналған жүкқұжаттың болуы		
8	Астықты сандық-сапалық есепке алу кітабының болуы		
9	Астықты сақтауға арналған шарттың болуы		
	Астық қабылдау кәсіпорнының астық иелерінен астық қабылдау күнінен бастап астық қолхаттарын шығаруға арналған		

10	бұйрықты тіркеудің үш күндік мерзімінің (астық қабылдау кәсіпорны астық иелерінен астық қабылдау күнінен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей астық қолхаттарын шығаруға арналған бұйрықты тіркейді) сақталуы		
11	Астық қолхаттарын және олардың бөліктерін ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың болуы не астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауды кепілдендіру жүйесіне қатысу		
12	Астыққа арналған тауарлық-көлік жүкқұжаттарының болуы		
13	Орташа тәуліктік сынама бойынша сапасын айқындай отырып, автомобиль көлігімен қабылданған астыққа арналған жүкқұжаттар тізілімдерінің болуы		
14	Сақтауда тұрған астықты бақылау журналының болуы		
15	Астық қабылдау кәсіпорнының жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептің болуы		
16	Астық сақтау орны (астық қабылдау пункті) алаңының 10%-ы мөлшерінде резервте қойма сыйымдылығының , элеваторларда сүрлем сыйымдылығы үстіндегі тасымалдауыштың әрқайсысына кемінде бір бос сүрлем сыйымдылығының болуы		

Лауазымды адам (дар) _____

лауазымы қолы аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

Бақылау субъектісінің басшысы _____

лауазымы қолы аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК